

Ересек топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№10			
Күндері		01 - 05.11.2021			
Өтпелі тақырыптың атауы		Көлік/ Транспорт/ Transports			
Мекеменің атауы, тобы		«Бөбек лүпілі» жекеменшік балабақшасы Ересек «Балауса» топ			
Педагогтің аты-жөні		Касымканова Д.Е.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Баланың дене қызуын өлшеп қабылдау. Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Таңертең балаларды қабылдап, ауырып келмеген жағдайда ата-аналарының бабалақша қызметкерлеріне алдын ала есекртуін айту. Дене қызуын өлшеп тазалығын тексеру. Бойы мен салмағын өлшеу.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсаты: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсаты: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету, жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.	"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету". Мақсаты: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсаты: балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Үстел-үсті ойындары: көліктерды топтастыр. Мақсаты: көліктерді ажыратып, атай білуге үйрету; Керекті құралдар: көліктер.	Дидактикалық ойын «Домино». Мақсаты: баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, өртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5х6см карточкалар.	Дидактикалық ойын "Көңілді қыстырғыштар". Мақсаты: қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету.	Дидактикалық ойын: «Көліктер». Мақсаты: көлік түрлерін ажырата білуге үйрету.	Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлықа баулу.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Жолдарыңа үңіліп, Екі бақа жүгіріп, Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды аттап. Олар ерте тұрады, Беті-қолын жуады. Оңға-солға шайқалып, Бақылдайды ән салып. Судан шіркей табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ, нақ-нақ, Біздер айттық тақпақ. /Б. Бөрібаев/				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Көлік түрлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің таңбалауыштарда таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен оқу қызметін ұйымдасатыру.	Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу.	Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу.	Өуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу.	"Көлік түрлері" атты тақырыпты пысықтау.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары" Мақсаты: балаларды тақпақтар шумақтарының оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және уяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру. <i>Логикалық жаттығу: "Артығын тап".</i> Сурет салу "Жүк машинасы". Мақсаты: балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету. <i>Тәжірибе-зерттеу жаттығуы.</i> <i>"Пішіндер бірдей емес".</i> Дене шынықтыру "Пингвинше қос аяқтап секіру". Мақсаты: құм салынған қапшаны басына қойып, кубиктерден аттап өту және құм салынған қапшаны екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты қос аяқтап секіру дағдысына үйрету. <i>"Пойыз" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Ойыншықтар". Мақсаты: балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету. <i>"Көлеңке" дидактикалық ойыны.</i> Математика негіздері "Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар". Мақсаты: балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру. <i>Дамытушы жаттығу. "Машиналар қайда бара жатыр?".</i> Вариативті компонент. <i>Сөйлеуді дамыту</i> <i>Өнерлі екен он саусақ</i>	Көркем әдебиет "Көлік жүргізуші". Мақсаты: балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сипаттай білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Қандай көлік екенін тап".</i> Дене шынықтыру "Сан түрлі секіре аламыз". Мақсаты: балаларды шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеуге үйрету. <i>"Ирелеңдеген соқпақ жол" қимылды ойыны.</i>	Қоршаған ортамен танысу "Көліктер". Мақсаты: балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызмет аясына қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Не қайда жүреді?".</i> Вариативті компонент. <i>Сөйлеуді дамыту</i> <i>Өнерлі екен он саусақ</i>	Жаратылыстану "Асқабақ тиелген трактор". Мақсаты: балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту. <i>"Не жоқ?" есте сақтау жаттығуы.</i> Жапсыру "Жүк көлігі". Мақсаты: балаларды жүк көлігінің дайындамаларын қағаз бетіне орналастырып жапсыруды үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Көлік жүк тасымалдауда".</i> Дене шынықтыру "Ойын шартын ұстанайық". Мақсаты: балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету. <i>"Аюлар және аралар" қимылды ойыны.</i>

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Жүк автокөлігін бақылау</i> (сүт таситын машина, жүк таситын машина, самосвал) Жұмбақ. Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Машина) Бақылау: жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк машинасының құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және т.б.), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. Қимылды ойын: «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. Балаларды шағын топтарда бірігіп, келісе әрекет етуге (сигнал бойынша қанатты және қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету. Еңбек: өткеншектің қардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуге үйрету (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру. Өз бетімен ойындар: өткеншек тебу. Біріккен жұмыс жасау үшін балалардың шағын топтарға бірігуін қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелері мен нормаларын орындауға үйрету.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Жеңіл көлікті бақылау.</i> Жұмбақтар. Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) Табанында жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай) Бақылау: жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк машинасы мен жеңіл машинаның айырмашылықтарын атап көрсету. Қимылды ойын: «Такси». Қос аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермей ойын ережесін сақтау. Еңбек: берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке деген дұрыс көзқарастарын дамытып, тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Секіргішпен ойна». Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Автобустарды бақылау</i> Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйтіксе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) Бақылау: қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Қимылды ойын: «Бос орын». Сигнал бойынша (жүргізуші ойыншыға қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босатылған орынға тез отыруға үйрету. Еңбек: күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Қардан құрылыстар жасау». Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап, қажетті пішін құрауға үйрету. Жұмыла ойнауға тәрбиелеу.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Ересек балаларды бақылау</i> Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. Бақылау: ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауға; киім түрлерін, оларды арнаулы атауға (берік, бекебай, қолғап, етік, жылы шалбар және т.б.); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуға үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ақ аюлар». Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру. Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолжетімді көмек көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. <i>Алғашқы түскен қарды бақылау</i> Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар) Бақылау: бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігі сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойыны: «Сұр қоян жуынды». Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту. Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту». Тәрбиешінің басқаруымен балалар пайдалы іспен оранжереяларда, қысқы бақтарда айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: өлшемді суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сұрту. Өз бетімен ойындар: шашақтармен ойын Таза ауадағы ойындарды мадақтау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	«Құмырсқа қанағаты» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	«Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны. Мақсаты: пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту.	Сюжетті-рөлдік ойын. «Қуыршақты тамақтандыр». Ірі құрылыс материалдары және құрастырмақтармен ойындар.	"Автобус" қимылды ойын. Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу, кейін жылдам, одан да жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.	Театрды сахналау. "Мақта қыз бен мысық" ертегісін сахналау.	"Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны. Ойынның мақсаты: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға дайын, қиылған, түрлі-түсті алманың суреттері беріледі. Балалар өздері таңдап бір алманы құрастырып шығады.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Көлік түрлері" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап бере білуге үйрету.	Дидактикалық ойын "Затты сипаттамадан". Мақсаты: зейінін, ойлау қабілетін, жылдамдыққа дамытады.	Дидактикалық ойын: «Көлеңкесінен таны». Суреттегі көлік түрлерінің көлеңкесінен танып, сызық арқылы қосуды ұсынады.	Дидактикалық ойын: "Қазынасы бар сандық". Мақсаты: қиялды, талдау дағдыларын дамыту. Ойын материалы және көрнекі құралдар: қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған кез-келген жеуге болатын (жеуге болмайтын) нәрсе. Сипаттама: ішіндегі затты сипап сезу арқылы табу.	Дидактикалық ойын «Шектес сандарды ата». Мақсаты: балаларға ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі: бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жолда жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	"Балаңызға ертегі оқисыз ба?" атты ата-аналарға сауалнама.	Ата-аналарға кеңес беру. "Ішек ауруларының алдын алу».	"Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме.	Ата-аналар жиналысы «Бала үйде және балабақшада».